

Бекітемін:

№1 педагогикалық кеңесте

27.08.2021 жыл

«Қыз Жан» балалар

бақшасы ЖШС меңгерушісі

М.Ж.Бижанова



M. Bижанова

**«Қыз Жан» балалар
бақшасының ЖШС
2021 -2022 оқу жылына
арналған жоспары**

Арыс 2021-2022ж

Жылдық жоспар бөлімдері

I Балабақша жөнінде мәлімет, жаңа оқу жылының негізгі мақсаттары

II Кадрлармен жұмыс

- 2.1. Педагогикалық кеңес
- 2.2. Өндірістік кеңес
- 2.3. Меңгеруші қарамағындағы кеңес
- 2.4. Нұсқау өткізу

III Әдістемелік жұмыс

- 3.1. Мамандық бағытын көтеру
- 3.2. Семинарлар, кеңестер, дискуссиялар
- 3.3. Озық педагогикалық тәжірибе
- 3.4. Жас мамандармен жұмыс
- 3.5. Ашық ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті

IV Балалармен жұмыс

- 4.1. Қауіпсіздік мектебі
- 4.2. Ертеңгіліктер, Ермектер, Сайыстар, Көрмелер.

V Бақылау және басшылық

VI Ата-аналармен жұмыс

VII Қаржы – шаруашылық қызмет

ЖШС«Қыз Жан» балалар бақшасының орналасқан жері

Арыс қаласы, Тұрымбетов №12 А

Проект бойынша қуаты – 170 бала

Балалар саны – 170 бала

Жасы бойынша топтау және толықтыру.

№	Топ аттары	Жасы	Балалардың саны
1	Балдәурен ересектер тобы	4-5жас	25
2	Нұрбақ ересектер тобы	4-5жас	25
3	Балдырған ортаңғы тобы	3-4жас	25
4	Балапан кіші тобы	3жас	25
5	Балбөбек кіші тобы	3жас	20
6	Ай Мөлдір ортаңғы тобы	3-4 жас	25
7	Ай Ару кіші тобы	3 жас	25
Барлығы		7топ	170 бала

«Қыз Жан» балалар бақшасы ыңғайластырылған ғимаратта орналасқан. ғимаратта топтың бөлмелері; ойын бөлмесі, жатын бөлме, қабылдау бөлмесі, дәретхана, , меңгеруші, әдіскер, медициналық; емшара кабинеті, оқшаулау (изоляция), шаруашылық меңгерушісі, , ән-күй залы, асхана, кір жуатын бөлме бар. Бөлмелер заманауи талаптарға сай жабдықталған. Балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға толық мүмкіндік жасалған. Әр топқа сай алаң бар. Ойын алаңы безендірілген және қажетті ойын құралдарымен жабдықталған. Қимылды ойындардың өтілуіне сай мүмкіндіктер жасалынған. Балабақша айналасы газондандырылған, көгалдандырылған және қоршалған.

Балабақшаның жұмыс уақыты 10 сағат 30 минут.

Балабақшада баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру, толық кеңістікті құру және мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуын кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз етуге сонымен қатар баланың сөйлеуін, ана тілін, қарым – қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашу негіздерін меңгертуге толық жағдай жасалынған.

Балабақша өз жұмысына Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, Қазақстан Республикасы білім беру министрлігінің:

«Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мекемелерде оқу жылының басталуы туралы», «Жалпы білім беретін мектептерде, мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелерінде баланы мектепалды даярлауда нормативті бағдарламалық - әдістемелік құжаттарды бекіту туралы», «Балаларды міндетті түрде мектеп жасына дейінгі дайындықтан өткізу» мәселесі туралы бұйрықтарын, «Тіл туралы заң», «Балалардың құқығын қорғау заңы», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Мектеп алды тұжырымдамасы» және де басқалай қаулыны басшылыққа ала отырып іс - шаралар жүргізеді.

Әкімшілік тарапынан ұжыммен материалдық негізді жақсарту, әдістемелермен, ойын құралдарымен, ойыншықтармен қамтамасыздандыру медициналық күту, оқу-тәрбие жүйесін, қызметкердің іскерлік бағыттарын көтеру барысында жұмыстар жүргізіледі. Топтар стандарт талабына сай әр орталықтарға лайықты жиһаздармен толықтырылды. Ойыншықтар жүйелілікпен алынып отырды.

Педагогикалық ұжым балаларды оқыту – тәрбиелеу жұмыстарын 2021-2022 оқу жылының жылдық мақсатын жүзеге асыру барысында жұмыстар жүргізді. Олар:

- Коммуникативтік –тілдік құзіреттілік; дұрыс сөйлеу үлгісін қалыптастыру, шығарма құру, шығарманың мазмұнын айтып беруге машықтандыру, (диалог) әңгіме сөздерін қалыптастыру.

- Таным - ойын жүйесі; заттық әлем жөніндегі түсінігін қалыптастыру (дидактикалық ойын), балалармен ойын жағдайында қарым-қатынасты қалыптастыру (сюжетті – рольдік ойын), ойлау мәдениетін, эстетикалық талғамын қалыптастыру (театрлық ойындар). Жылдық мақсатты жүзеге асыру үшін кеңестер, семинарлар, байқаулар, сайыстар, көрмелер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері жоспарланды.

Бұл оқу жылында жоспарланған 4 педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңестер шығармашылық есеп беру, тренинг, іскерлік ойындар ретінде жоспарланған. Тәрбиешілер: Жаңа оқу жылына аса зор ынта мен жоғары қарқынмен дайындық жасап толық дайын екендігін көрсетті.

Ата-аналар жиналыстары топтың жалпы жиналыстары мен жоспарланған іс-шаралары арқылы жүзеге асырылды. Әр жиналыс өзіндік тақырыптармен жылдық мақсатты жүзеге асыруға негізделіп өткізілді. Жалпы жиналыста мына тақырыптарда кеңестер, сұрақнамалар берілді: «Бүлдіршіндердің танымдық математикалық дамуын музыкалық театрлық жүйемен байланыстырып, эстетикалық талғамын, ойлау мәдениетін қалыптас-тыру», «Құм терапиясы оқу, ойын әрекетінде», «Фигуралармен ойнаймыз», «Сиқырлы таяқша – балаларды ойынға тарту құралы», «Ғажайып еліне саяхат», «Дымбілместің денсаулығын сақтау үшін көмектес» сұрақнамалар алынып отырды.

Жұмыс жүрген жерде кемшіліктер де кездесері нақ, ондай жәйттер бізде де бар. Сондықтан да әлді де болса баланы қатынастың негізгі, тиімді тәсілдеріне үйретуді, баланың сөйлеу тілін, коммуникативтік білім мен іскерлікті қалай игергендігін, дұрыс сөйлеу үлгісін және шығармашылық тілдік қызметін қалыптастыруды, мәнерлеп, грамматикалық дұрыс сөйлеу мен дыбыстарды дұрыс айтуды сақтауды қалыптастыру тереңдете білу керек. Сонымен қатар ойлау мәдениетінің эстетикалық талғамын, театрлық ойындар арқылы бала бойын сіңіріп, ұғымын тереңдету. Және де танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгертуге, ақпаратты өмірлік маңызды мәселелерді шешуге қабілетті тұлғаны қалыптастыра білуді ұғындыра білу де қажет ақ. Заман талабына сай білім беру процесінде ақпараттық техникаларды пайдалануға дағдылану, ата – аналармен тығыз байланыста болып, білім беру деңгейінде белсенділік танытуға машықтыру. Ұлттық салт – дәстүрді насихаттау, халық педагогикасын басшылыққа алып жұмыс жүргізу қажет.

Баланың тілінің дамуына, отанға деген патриоттық сезімдерін оятуға, адамгершілік құндылықтарын қалыптастырып, үлкендермен, құрбыларымен өзара ынтымақтастық әрекеттестікте белсенді тәжірибесін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу барысында 2021-2022 оқу жылы «Қыз Жан» бала бақшасының ұжымы жұмысының негізі етіп мына мақсатты міндеттерімен алды.

1.2 Жаңа оқу жылының негізгі мақсаттары

Жылдық мақсаттар:

1. Денсаулық

- Денешынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде баланың қимыл қозғалыс үйлесімділігін дамыту

2. Коммуникативтік –тілдік құзыреттілік

- баланың байланыстырып сөйлеуін қалаптастыруды жалғастыру
- шығарманың мазмұнын айтып беруге машықтандыру
- (диалог) әңгіме сөздерін қалыптастыруды жетілдіру

Стандарт талаптарын жүзеге асыру мақсаттары мен міндеттері

Жұмыс бағыттары	Алға қойған мақсаттар	Міндеттер
Білім беру саласының оқу жұмысы		
«Денсаулық» * дене шынықтыру	Өз денсаулығына саналы қарау, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсінуге тәрбиелеу, қимыл қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық сапаларын қалыптастыру	Денсаулықты сақтау, жалпы қимыл қозғалыс, құзыреттілігін, балалардың өмірдегі түрлі жағдайларда, адамдармен қарым-қатынаста, түрлі табиғи құбылыстарда өз қауіпсіздігін және қауіпсіздік ережелерін сақтай білу дағдысын қалыптастыру және дамыту. Ойын арқылы мейірімділікке, достыққа, сүйіспеншілікке, сыйластыққа, түсінушілікке баулу, жалпы адамзаттық қасиетті бала бойына сіңіру.
«Коммуникация» * сөйлеуді дамыту * көркем әдебиет	Ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мемлекеттік және басқа тілдерде мәдени – әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, айналасындағы ортамен ауызша және ауызша емес құралдардың көмегімен қатынас жасауға қабілетті мектеп жасына дейінгі көптілді тұлғаны тәрбиелеу	Баланың сөйлеу іскерліктері мен қабілеттерінің қажетті деңгейін, тілді игеру дағдыларын қалыптастыру. Сөздің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеп, тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеуін дамыту және белсендіру
«Таным» * сенсорика * қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру * құрастыру * жаратылыстану	Танымдық іс – әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге және ақпаратты өмірлік маңызды проблемаларды шешуде қолдануға қабілетті мектеп жасына дейінгі тұлғаны қалыптастыру	Құрбыларымен қарым – қатынаста танымдық және тұлғалық, іскерлік дағдыларын және белсенділігін дамыту. Өзінің білгенін айналасындағылармен бөлісуге машықтандыру. Өзінің идея-сын, ойын, шешімін сақтай білуге үйрету. Логикалық ойлауын жетілдіру.
«Шығармашылық» * сурет салу * мүсіндеу * аппликация * музыка	Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік – эмоционалдық саласы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілеті мен қиялын дамыту	Өздерінің сезімдері мен эмоциясын туыстары және жақындарымен бөлісу ынта-сын ояту. Көру, есту, сезу, бейнелік елестету мен образдық ойлауы, қиял, ес, зейінін дамыту. Музыкалық, бейнелеу әрекетке белсенді қатысуға баулу.
«Әлеумет» * қоршаған ортамен таныстыру * экология негіздері	Әлеуметтік ортадағы жағымды мінез – құлық пен қарым – қатынасқа қабілетті әлеуметтік – бейімделген, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікке, үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу	Бір-бірімен сыпайы қарым-қатынас жасау, құрбыла – рымен келісімге келіп, оларға көмектесіп, жаңа байланысқа түсуін, сендіру, түсіндіру, дәлелдеу іскерлігін дамыту. Кішіге көмектесуге үлкенді

		сыйлауды үйрету. Өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.
Кадрлармен жұмыс	Педагогтардың білім беру стандартын меңгеруі, мамандыққа толықтай енуі, оқытудағы барлық технологияны білуі, өз мамандығына шығармашылықпен, жаңашылдықпен қарауы, авторлық бағдарламалар, жаңалықтар ашуға белсенділігін арттыру.	Педагогтардың қазіргі таңдағы деңгейлерін білу, оның себептеріне сарап-тама жүргізу. Педагогтардың жеке мүмкіндіктерін ескеріп, ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын қаншалықты меңгергенін, біліктері мен дағдыларының көлемін анықтау. Кадрлардың методологиялық мәдениетін жетілдіру. Педагогтардың күзінреттілігін қалыптастыру.
Ата-аналармен жұмыс	Балабақшада, отбасында жеке тұлға ретінде қалыптасуының физикалық, психологиялық адамгершілік негіздерінің қалыптасуына жағдай туғызу.	Баланың денсаулығын нығайту, өмір қауіпсіздік ережелерін үйрету. Рухани – адамгершілік мінез-құлық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау. Өзіне қызмет етуге жағдай туғызу.

I Кадрлармен жұмыс

2.1 Педагогикалық кеңестер

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Ескерту
№ 1 Педагогикалық кеңес				
1	2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту.	тамыз 2021ж	б/б меңгерушісі М.Ж.Бижанова педагогтар әдіскер Б.Б.Искакова б/б меңгерушісі М.Ж.Бижанова әдіскер Б.Б.Искакова	
2	Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы, есеп беру			
3	Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының қорытынды есебі			
4	Әр түрлі (күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, т.б)			
№ 2 Педагогикалық кеңес «Тәрбие басы тіл»				
1	«Ертегіні ойлап шығару» (ертегі тарихын ойлап шығару әдісі және тәсілін оқу) (өз тәжірибесінен)	қараша 2021ж	тәрбиеші Жахан Меруерт	
2	Балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда сюжеттік суреттер қолдану (шығармашылық есеп беру)		тәрбиеші Тулегенова Маржан	
3	Сюжетті суреттер бойынша топтама жиынтығы (көрме)		тәрбиешілер	
№ 3 Педагогикалық кеңес				
1	«Бүлдіршіндердің танымдық математикалық дамуын музыкалық театрлық жүйемен байланыстырып, эстетикалық талғамын, ойлау мәдениетін қалыптастыру» (өз тәжірибесінен)	сәуір 2022ж	тәрбиеші Кулхожаева Жаухар	
2	«2-3 жастағы балалардың тілін суретті картиналармен, халық ауыз, әдебиеті туындыларымен таныстыру арқылы дамыту» (шығармашылық есеп беру)		тәрбиеші Манкараева Айнур Әдіскер Искакова Балнұр	
3	«Танымдық қабілетінің дамуы» тақырыптық тексеру			
№ 4 Педагогикалық кеңес				
1	Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, әдіскер есебі.	маусым 2022ж.	әдіскер Б.Б.Искакова б/б меңгерушісі М.Ж.Бижанова б/б меңгерушісі М.Ж.Бижанова тәрбиешілер	
2	Жазғы сауықтыру жұмысының іс- шараларын бекіту.			
3	Техника қауіпсіздігі			
4	Әр түрлі мәселе			

2.2 Өндірістік кеңес

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
№ 1				
1	Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесі (шынықтыру шаралары , ұйқыдан кейінгі жаттығу, тыныс алу жаттығуы)	X	б/б меңгерушісі М.Ж.Бижанова медбике М.М.Дауылбай	
2	Ағымдағы жұмыстар, шолу тексерудің қорытындысы		әдіскер Б.Б.Искакова	
3	Балабақша аумағы, топтардың санитарлық - гигиеналық жағдайы, жедел тексеру қорытындысы		медбике М.М.Дауылбай	
№ 2				
1	Балалардың суықтап ауруын төмендету жұмыстарының нәтижелері (шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу)	XII	медбике М.М.Дауылбай	
2	Жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігінің шұғыл тексеру қорытындысы		шаруашылық меңгерушісі Т.Ш.Нурманов	
3	Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы, қызметкерлердің өз міндеттерін жүйелі атқаруы		әдіскер Б.Б.Искакова	
№3				
1	Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы, қызметкерлердің өз міндеттерін жүйелі атқаруы	III	әдіскер Б.Б.Искакова	
2	/ Ас блогының жұмысын талдау / тамақтың әртүрлілігі, коллориясы/, ас үйдің санитарлық-гигиеналық жағдайы.		әдіскер Б.Б.Искакова медбике М.М.Дауылбай	
3	Азаматтық қорғаныс іс - шараларының орындалу нәтижелері		әдіскер Б.Б.Искакова	

2.3 Меңгеруші қарамағындағы кеңес

1	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерт у
1	№ 1 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері	қыркүйек	б\б меңгерушісі М.Ж.Бижанова	
2	Мектепке дейінгі балалардың ойын барысында музыкалық эстетикалық мәдениеттің қалыптасуы			
3	Рейд тексеруінің қорытындысы			
1	№2 Қыс мезгілінде өткізілетін ермектердің жоспарын бекіту	қаңтар	тәрбиешілер, педагогтар	
2	II – кіші топ жасындағы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету			
3	Балалардың денсаулығы, бақшаға қатынасуы жөнінде мәлімет			
1	№ 3 «Күн тәртібін сақтау» шолу тексеруінің нәтижелері	наурыз	әдіскер Б.Б.Искакова	
2	Өткізілген ермектердің нәтижелері			
3	Әр түрлі мәселе			
1	№ 4 «Жаз мезгіліндегі балалар жарақатының алдын алу»	сәуір	медбике М.М.Дауылбай	
2	ҰОҚ дайындық педагогикалық жүйе (ескерту бақылауының қорытындысы)			
3	Балалар тамағын ұйымдастыру (шолу жұмыстарының қорытындысы)			
1	№5 «Өз мамандығыңды тани білесің бе?» іскерлік ойын	мамыр	әдіскер Б.Б.Искакова	
2	Жалпы Ас мәзірі			

2.4 Нұсқау өткізу

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	Ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтау.	қыркүйек	б/б меңгерушісі М.Ж.Бижанова	
2	Вирустық гепатитті біліңіз, одан қорғаныңыз	қыркүйек	Медбике М.М.Дауылбай	
3	Балалардың денсаулығын және өмірін сақтау.	қазан	Әдіскер Б.Б.Искакова	
4	Эпидемияға қарсы тазалық жұмыстары.	қазан	медбике М.М.Дауылбай	
5	Төтенше жағдайлар кезінде балабақша қызметкерлерінің балаларды эвакуациялау сәтіндегі өзара әрекеттесуі	қараша	әдіскер Б.Б.Искакова	
6	Өрт қауіпсіздігін сақтау.	қараша	шар.меңгерушісі Т.Ш.Нурманов	
7	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері	желтоқсан	б/б меңгерушісі М.Ж.Бижанова	
8	Ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтау.	желтоқсан	б/бақша меңгерушісі М.Ж.Бижанова	
9	Балалардың денсаулығын және өмірін сақтау.	қаңтар	Әдіскер Б.Б.Искакова	
10	Эпидемияға қарсы тазалық жұмыстары.	қаңтар	медбике М.М.Дауылбай	
11	Төтенше жағдайлар кезінде балабақша қызметкерлерінің балаларды эвакуациялау сәтіндегі өзара әрекеттесуі	ақпан	әдіскер Б.Б.Искакова	
12	Өрт қауіпсіздігін сақтау.	ақпан	шар.меңгерушісі Т.Ш.Нурманов	
13	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері	наурыз	б/б меңгерушісі М.Ж.Бижанова	
14	Ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтау.	наурыз	б/бақша меңгерушісі М.Ж.Бижанова	
15	Балалардың денсаулығын және өмірін сақтау.	сәуір	әдіскер Б.Б.Искакова	
16	Эпидемияға қарсы тазалық жұмыстары.	сәуір	медбике М.М.Дауылбай	
17	Төтенше жағдайлар кезінде балабақша қызметкерлерінің балаларды эвакуациялау сәтіндегі өзара әрекеттесуі	мамыр	әдіскер Б.Б.Искакова	
18	Өрт қауіпсіздігін сақтау.	мамыр	шар.меңгерушісі Т.Ш.Нурманов	

**Педагог кадрлар туралы мәліметі 2021 -2022 оқу жылы.
ЖШС «Қыз Жан» бала-бақшасы педагог кадрлар бойынша**

к/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Диплом бойынша мамандығы	Пед. еңбек өтілі	Сотталмаған ндығы(сотт алғандығы) туралы мәлімет	Санаты, берілген күні,бұй рық №.	Медициналық тексеруден өткені туралы мәлімет (санитарлық кітаптың болуы)
1	Бижанова Молдир Жусипалиевна	12.11.1984ж	«Қазақ тілі мен әдебиеті»	9жыл	сотталмаған	Жоғары санатты №1 16.10.2017ж	бар
2	Искакова Балнур Базарбаевна	14.03.1988ж	«Бастауыш оқыту мен педагогика сы мен әдістемесі»	6жыл 9ай	сотталмаған	2 санатты №5 22.05.2019ж	бар
3	Қаныбекова Ақжар Бақытбекқызы	11.02.1993ж	«Педагогика және психология »	4жыл 9ай	сотталмаған	2 санатты №14 19.05.2021ж	бар
4	Абдукаримова Сана Меирбекқызы	21.10.1993ж	«Музыкал ық білім»	6жыл 1ай	сотталмаған	2 санатты №8 12.02.2020ж	бар
5	Жахан Меруерт Тайбекқызы	17.12.1994ж	«Бастауыш оқыту педагогика сы мен әдістемесі»	4жыл 7ай	сотталмаған	2 санатты №4 22.05.2019ж	бар
6	Калашова Гульжан Асылхановна	02.03.1987ж	«Бастауыш білім беру»	3 жыл 5ай	сотталмаған	2 санатты №13 19.05.2021ж	бар
7	Маханова Айгерим Сейтжановна	27.09.1984ж	«Бастауыш оқыту педагогика сы мен әдістемесі»	5жыл 5ай	сотталмаған	2 санатты №3 22.05.2019ж	бар
8	Кулхожаева Жаухар Бекболатовна	09.10.1988ж	«Бастауыш оқыту педагогика сы мен әдістемесі»	7жыл	сотталмаған	2 санатты №9 12.02.2020ж	бар
9	Роджопова Гульмира Валихановна	14.04.1985ж	«Бастауыш оқыту педагогика сы және әдістемесі»	7жыл 7ай	сотталмаған	2 санатты №11 19.05.2021ж	Бар

10	Манкарасва Айнур Оразалиевна	11.07.1984ж	«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»	4жыл 3ай	сотталмаған	2 санатты №6 22.05.2019ж	Бар
11	Қуанышова Гүлімай Бахытжанқызы	20.12.1989ж	«Бастауыш оқыту педагогика сы мен әдістемесі»	6жыл 8ай	сотталмаған	2 санатты №15 19.05.2021ж	Бар
12	Омарова Махаббат Оспановна	13.04.1988ж	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	5жыл 7ай	сотталмаған	2 санатты №12 19.05.2021ж	Бар
13	Муталиева Роза Тлешовна	18.11.1982ж	«Бастауыш білім беру»	3жыл 3ай	сотталмаған	2 санатты №10 22.05.2019ж	Бар
14	Кошанова Жансая Алпамысовна	30.08.1989ж	«Педагогик а және психология »	5жыл	сотталмаған	2 санатты №7 12.02.2020ж	Бар
15	Бекахметова Динара Құлахметқызы	05.01.1993ж	«Бастауыш оқыту педагогика сы мен әдістемесі»	4жыл 7ай	сотталмаған	2 санатты №16 19.05.2021ж	Бар
16	Тулегенова Маржан Нышанбаевна	01.07.1979ж	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	7жыл	сотталмаған	2 санатты №2 22.05.2019ж	Бар
17	Паттел Айгерім Әнуарбекқызы	25.10.1995ж	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	1жыл	Сотталмаған	2 санатты	Бар
18	Даулбаева Тұрсынай Әлібекқызы	11.12.1993ж	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	3жыл 7ай	Сотталмаған	-	Бар
19	Дуйсенова Бахыткуль Кирикбаевна	07.05.1975ж	«Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі »	5жыл	сотталмаған	-	Бар

Бала-бақша меңгерушісі:



М.Ж.Бижанова

3.2 Семинар, кеңестер, дискуссия Тәрбиешілерге кеңес

№	Тақырыптар	Орындалу мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	«Тұлғаның эстетикалық мәдениетін кемелдендіру жолдары» (шеберлер сыныбы)	қыркүйек	әдіскер Б.Б.Искакова	
2	Сурет салудың дәстүрден тыс тәсілдерімен таныстыру	қаңтар	тәрбиешілер	
3	Монтесори элементтерімен жұмыс жасау жолдары	ақпан	әдіскер Б.Б.Искакова	
4	Музыка туралы не білесіздер?	наурыз	муз.жетек-сі С.М.Абдукаримова	
5	«Құм терапиясы оқу, ойын әрекетінде»	сәуір	тәрбиеші	
6	Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда ТРИЗ әдістерін қолдану	қараша	тәрбиеші	

3.2 Оқыту практикалық семинар

Тақырыбы: «Тәрбиешінің тілдік құзреттілігінің дамуы»

Мақсаты:

*мектепке дейінгі мекемедегі тәрбие мен оқу жұмыстарының әр түрлі бағытында педагогикалық әдеп көрсете білуінің дамуы

* тәрбиешінің жеке мамандық бойынша ерекше қасиеттерінің дамуы: беталысы, білімі, қабілеті, техникасы

* маман - педагогикалық ерекшелігіне машықтануы: зейіні, аңғарымдылығы ,қиялы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
	I талдауға арналған сұрақтар		
1	Балалар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынастың психологиялық педагогикалық негізі	қыркүйек	тәрбиешілер
2	«Педагогика және ынтымақтастық» - оны қалай түсінесіз	қазан	тәрбиешілер
3	Педагогтың сөйлеу мәдениеті	желтоқсан	тәрбиешілер

Теориялық семинар

Тақырыбы: «Баланы әлеуметік ортаға бейімдеу»

Мақсаты: желілі –рөлдік ойынның құрылымын, ойын құралын пайдалануын, жас ерекшелігіне қарай ойын ережесін іс – жүзінде дұрыс пайдалануға тәрбиешілерді үйрету.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	Мектепке дейінгі жастағы балалардың сюжетті-рөлдік ойындарын басқару	XI	тәрбиеші	
2	Ойын – психокоррекция құралы	II	тәрбиеші	
3	Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі театрлық шығармашылық жүйенің бала өміріндегі жұмысы мен әдісі	IV	тәрбиеші	
4	«Жаңа ойын технологиялары арқылы мектеп жасынадейінгі балалардың интеллектуалдық дамуы»	VI	әдіскер	

3.4 Жас мамандармен жұмыс

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	Кеңестер: «Оқу- тәрбие жұмыстарын жоспарлау»	қыркүйек	әдіскер Б.Б.Искакова	
2	Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту	қараша	әдіскер Б.Б.Искакова	
3	«Фигуралармен ойнаймыз» д-о арқылы геометриялық фигураларды ажырата білу	ақпан	әдіскер Б.Б.Искакова	
4	Тәжірибелі педагогтардың күн тәртібіне және ҰОӘ жас мамандарды қатыстыру	жыл бойы	әдіскер Б.Б.Искакова	
5	Балалармен жеке жұмысты қалай жүргізу жолдары	желтоқсан	әдіскер Б.Б.Искакова	
6	«Сиқырлы таяқша – балаларды ойынға тарту құралы» І сәбилер тобында ойын ұйымдастыру	ақпан	әдіскер Б.Б.Искакова	
7	Интеллектуалдық ойындар балаға не береді	жыл бойы	әдіскер Б.Б.Искакова	
8	Баланың тәрбиесі баршаға ортақ	сәуір	әдіскер Б.Б.Искакова	
9	Әдеби шығарма балалар өмірінде	маусым	тәрбиешілер	
Тәлімгерлік				
1	* Жұмыс жоспарын құру * тәлімгерлікті бекіту * жоспардың орындалуына бақылауды іске асыру	жыл бойы	әдіскер Б.Б.Искакова	

3.5 Ұжымдық ұйымдастырылған оқу іс- әрекеттері

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Ескерту
1	Бауырсақ біздің бауырсақ, біздің көңілді бауырсақ үйіне ол оралды (сахналық қойылым арқылы сөйлеуді дамыту)	Қаңтар	М.Т.Жахан тәрбиеші	
2	Сиқырлы ойындар	Ақпан	А.О.Манқараева тәрбиеші	
3	«Құм терапиясы оқу, ойын әрекетінде»	Наурыз	А.Б.Қаныбекова психолог	
4	«Ғажайып еліне саяхат»	Сәуір	М.Н.Тулегенова тәрбиеші	
5	Қорытынды ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері	1-20 мамыр аралығы	Б.Б.Искакова әдіскер	

ІҮ Балалармен жұмыс

4.1 Қауіпсіздік мектебінің жұмыс жоспары

№	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	«Дымбілместің денсаулығын сақтау үшін көмектес» ермек	қыркүйек	Тәрбиешілер Кіші топ	
2	«Медицина бөлмесіне» саяхат	қазан	Тәрбиешілер Ортаңғы топ	
3	«Мен өз денсаулығымды қорғаймын» кеңес	қараша	Тәрбиешілер Ересек топ,	
4	«Балаларға қонаққа аюлар келді» ермек саз бен жұмыс	мамыр	Ересек топ	

4.3 Ертеңгіліктер

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Мамандығы
1	«Білім күні» «Мен өнерлімін» «Менің туылған күнім» «Қарттарды құрметтейміз»	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері	Әдіскер Саз жетекші Топ тәрбиешілері Психолог
2	«Ұстаздар мерекесі» «Алтын күн» «Менің туылған күнім» «Толағай»	Қазан	Топ тәрбиешілері	Топ тәрбиешілер Әдіскер Саз жетекші Психолог
3	«Алтын күз» «Қазақтың салт дәстүрі» «Менің туылған күнім» «Менің балабақшам»	Қараша	Топ тәрбиешілер	Топ тәрбиешілер Әдіскер Саз жетекші Психолог
4	«Менің елбасым» «Тәуелсіздік тірегім» «Менің туылған күнім» «Жаңа-жыл» ашық сабақ түрінде	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері	Топ тәрбиешілер Әдіскер Саз жетекші Психолог
5	«Жыл мезгілдері» «Санамақ» «Менің туылған күнім»	Қаңтар	Топ тәрбиешілері	Топ тәрбиешілер Саз жетекші Әдіскер Психолог

	«Біздің балабақша»			
6	«Қыс» «Достарым» «Менің туылған күнім» «Жыл он екі ай»	Ақпан	Топ тәрбиешілері	Топ тәрбиешілер Саз жетекші Әдіскер Психолог
7	«8 наурыз халықаралық әйелдер күні» «Ұлыстың ұлы күні» «Менің туылған күнім»	Наурыз	Топ тәрбиешілері	Әдіскер Саз жетекші Психолог
8	«Көктем келді» «Науқан басталды» «Менің туылған күнім»	Сәуір	Топ тәрбиешілері	Әдіскер Саз жетекші Психолог
9	«Ынтымақ күні!» «Жеңіс күні» «Эмоция және оның түрлері» «Қош бол балабақша» «Менің туылған күнім»	Мамыр	Топ тәрбиешілері	Саз жетекші Психолог

4.3 Жарыстар, көрмелер, байқаулар

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	«Бүлдіршіндердің тілін ойын арқылы дамытамыз» көрме (дидактикалық ойындар)	Қазан	Тәрбиешілер	
2	«Ойын ойнап, ән салмай өсер бала боларма?» байқау (балалар аралық)	Қараша	Тәрбиешілер	
3	«Сюжетті –ролдік ойындар» көрме (педагогтар үшін)	Ақпан	Тәрбиешілер	
4	«Қызықты ойындар жиынтығы» көрме (педагогтар үшін)	Наурыз	Тәрбиешілер	
5	«Әуенді тап» ән байқауы (балалар үшін)	Сәуір	музыка жетекшісі, тәрбиешілер	
6	«Дәстүрден тыс қолданылатын спорттық құралдар» көрме (ата-аналармен бірлесе)	Мамыр	Тәрбиешілер	
7	«Сұлулықты мен жасаймын қолыммен» байқау (заманға сай жаңаша алаңды безендіру, педагогтар үшін)	Маусым	Тәрбиешілер	
8	Табиғи материалдардан бейнелер жасау (көрме)	Шілде	Тәрбиешілер	
9	«Ең үздік топ» жаңа оқу жылына дайындығын тексеру	Тамыз	Меңгеруші Әдіскер	

Ү. Бақылау және басқару

Бақылау және басқару циклограммасы

№	Жұмыс мазмұны	Орындалу мерзімі	Ескерту
2	Тақырыбы «Ойын іс – әректінде балалардың өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік жасау» Мақсаты – балалардың өз бетінше қызмет ету барысында тәрбиеші жұмысының өрістеуі; балалар танымдық аумағының бақылануының орындалуы; балалардың танымдық қабілетінің деңгейінің белсенділігі.	ақпан- сәуір	барлық топ
3	Балалар өмірін ұйымдастыру – бақылау.	үнемі	Барлық топ
5	Межелі бақылау;мақсаты: балалардың бір жылдық бағдарлама материалын меңгеруі	Қаңтар	барлық топ
6	Сауықтыру мақсатымен шынықтыру шараларының орындалуын талдау	желтоқсан	барлық топ
7	Салыстырмалы тақырыптық зерттеу: - ҚМҰҚ - Бейнелеу өнері; - Сурет салу - Мүсіндеу - Аппликация - Ертеңгілік жаттығу - Дене шынықтыру - Серуен - Шынықтыру шаралары - Тамақтану Тақырыпты тексеру: - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Орыс тілі - Балалардың ойын іс-әрекеттері Шолу: - Сенсорика - Құрастыру	қараша- сәуір ақпан үнемі қараша- қаңтар желтоқсан үнемі үнемі үнемі қазан - желтоқсан қараша- желтоқсан қараша қараша желтоқсан- сәуір	барлық топ барлық топ барлық топ дайын. топ барлық топ барлық топ барлық топ барлық топ барлық топ барлық топ кіші топ кіші топ
8	Жедел бақылау: - балалар тамақтануын ұйымдастыру - ұйқыны ұйымдастыру - қызметкерлердің жұмыс күніне дайындығы - ішкі еңбек тәртібінің орындалуы	циклограмма бойынша	барлық топ барлық топ
9	Рейд- топтарды тексеру: - тазалық жағдайы - желдету тәртібінің орындалуы * дамытатын ортаның құрылымы	циклограмма бойынша	барлық топ
10	Оқу – тәрбие жұмыстарының орындалуы	циклограмма бойынша	барлық топ
11	Педагогтардың жоспарын талдау	құрылған кесте бойынша	барлық топ
12	Жан – жақты тексеру: Топтағы оқу - тәрбие жүйесінің бағыты	сәуір	Кіші топ

ҮІ. Ата- аналар жұмысы.
Топтардағы ата-аналар жиналысының
тақырыптары.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Кіші топтар			
1	Ұйымдастыру кезеңі	Х	тәрбиешілер
2	«Жаңадан келген баланың топқа үйренісуі» пікір алмасу		тәрбиешілер
3	Жағымды қатынас қалыптастыруға арналған тренинг		психолог
1	«Ойнап жүріп тіл үйренеміз» шеберлер сыныбы	І	тәрбиешілер
2	«Бала жанының әдемілілігін түсін, ата - ана» тренинг		тәрбиешілер
3	Саусақпен салған суреттер көрмесі		тәрбиешілер
1	«Жастай берген тәрбие, Жас шыбықты игендей» (шеберлер сыныбы)	Ү	тәрбиешілер
2	«Мен жаксы көремін» ойыны		тәрбиешілер
3	«Мейірімді жүрек» тренинг		психолог
Ортаңғы және Ересек топтар			
1	Ұйымдастрыу кезеңі	Х	тәрбиешілер
2	«Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас элементтері» пікір алмасу		тәрбиешілер ата-аналар
3	«Бала тілін дамыту үшін ойналатын ойындар мен жаттығулар» жылжымалы папка		тәрбиешілер психолог
1	«Баламен қалай қатынас жасау керек» кеңес беру	І	тәрбиешілер
2	«Саусақ гимнастикасы не үшін қажет» жылжымалы папка		тәрбиешілер
3	«Жағымды сөз» тренингі		психолог
1	«Жаман әдеттен баланы қалай алшақтату керек» шеберлер сыныбы	Ү	психолог тәрбиешілер
2	«Сіз өз балаңызда білесіз бе?» сауалнама		тәрбиешілер
3	«Көңіл күй» тренингі		психолог

5.1 Жалпы ата-аналар жиналысының тақырыптары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
№ 1				
1	Ата-аналар комитетінің, құрамын сайлау	Х	ата-аналар ком.	
2	ҚР МЖМБС «Отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар» (кеңес беру)		әдіскер	
3	«Бала қауіпсіздігі» тренинг		медбике	
№ 2				
1	Баланың отбасындағы тәрбиесі шеберлер сыныбы	І	әдіскер	
2	«Тікелей эфир» ойыны		меңгеруші	
3	«Ата - анамызбен бірге сурет саламыз” – (ертегі суреттер көрмесі)		тәрбиешілер, балалар, ата - аналар	
№ 3				
1	«Отбасы – тәрбие бастауы» кеңес беру	Ү	әдіскер	
2	«Бақытты сәт» викториналық шоу.		тәрбиеші	
3	Жақсы көңіл-күй жан азығы» атты тренинг		меңгеруші	

5.2 Ата – аналар комитетінің жұмыс жоспары.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар комитетінің жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.	X	Меңгеруші
2	2017-2018 жылғы ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарын бекіту.	X	Меңгеруші, ата-аналар ком мүшелері
3	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатынасу	жоспар бойынша	Ата-аналар, меңгеруші, әдіскер
4	«Балалардың қызығына шаттанып, келіңіз бірге ойнап көрелік», ашық есік күнін өткізу.	әр тоқсанда 1 рет	Меңгеруші, ата-аналар, тәрбиешілер
5	«Ынтымағы жараса» топтағы тәрбие жұмысының барысымен таныстырып отыру	айына 1 рет	Ата-аналар ком. Мүшелері
6	Бақшада өтілетін іс-шараларға ата-аналар тарапынан көмек беріп отыру.	жыл бойы	Ата-аналар
7	Ата-аналармен үнемі сенбіліктер өткізіп, спорт алаңындағы қажетті құралдарды толықтыру, гүлзарларды безендіру, әрлеу	жыл бойы	Ата-аналар
8	«Ойын диалогтың дамуының дәлелі» іскерлік ойын	I-Y	Тәрбиешілер Ата-аналар
9	«Біз балаларға ұқсамаймыз, балалар бізге ұқсайды», «Жастай берген тәрбие, Жас шыбықты игендей» шеберлер сыныбы	үнемі	Тәрбиешілер
10	Балалардың үйіне бару (тұрмыс жағдайын бақылау)	үнемі	Ана-аналар ком.
11	Ермектер, спорттық ойындар, сайыстарға қатынасу.	жоспар бойынша	Ата-аналар
12	«Біз бақытты балдырған» спорттық ермек	жоспар бойынша	Тәрбиешілер дене тәрбиесінің нұсқаушылары, Ата-аналар
13	«Менің көңіл күйім неге ұқсайды?» жаттығу	X	Әдіскер
14	«Ата - анамызбен бірге сурет саламыз» – (ертегі суреттер көрмесі)	Y	Тәрбиешілер
15	Жылжымалы папка: ««Еңбегің қандай болса – жемісің сондай болады», «Менің сүйікті ертегім»	Y	Тәрбиешілер
16	Жаңа технологиялық құрал – I-Padты қолданысқа ендіре отырып баланың танымдық қабілетін арттырудың маңызы	Y	Тәрбиешілер

ҮІІ Қаржы шаруашылық қызмет.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
Қаржы шаруашылық қызметтеріне басшылық жасау			
1	Топты жинақтап топтау.	қыркүйек	б/б меңгерушісі
2	Сметаны құру және оның орындалуын қадағалау	I	Есепші
3	Ата- аналар төлемінің орындалуы және оны қадағалау	ай сайын	Есепші
4	Жоғарғы мекемелерге өз уақытында есеп беріп отыру	ай сайын	Есепші
5	Балабақшаның қаржы шаруашылық қызметі туралы есепшінің есебін тыңдау	әр тоқсанда 1 рет	Есепші
6	№85 – К нысаны бойынша есеп құру және оны өткізу	I	б/б меңгерушісі
02. Материалдық – техникалық базасын жақсарту.			
1	Келісім шарттар жасау.	X - I	шаруашылық меңгерушісі
2	Балабақша ойын алаңын қосымша ойын құралдарымен толықтыру	ҮІ-ҮІІ-ҮІІІ	шаруашылық меңгерушісі
3	Қысқа дайындық жұмыстарын жүргізу.	ҮІ-ҮІІ	шаруашылық меңгерушісі
4	Коммуналдық қызмет бойынша өз уақытында тексеру жүргізу.	ай сайын	шаруашылық меңгерушісі
5	Жууға және дезинфекция жасауға арналған заттарды мезгілімен сатып алу.	жыл бойы	шаруашылық меңгерушісі
6	Дәрі – дәрмектерді мезгілімен сатып алу	әр тоқсанда 1 рет	шаруашылық меңгерушісі
7	Әр сәрсенбіде балабақша аймағын тазалықтан өткізу.	әр сәрсенбіде	шаруашылық меңгерушісі
8	Топтарды ойын алаңдарын жиһаздармен толықтырып жабдықтау	жыл бойы	шаруашылық меңгерушісі
9	Ойын материалдарын, ойыншықтар сатып алу.	үнемі	шаруашылық меңгерушісі
10	Спорттық құралдарын: дәстүрден тыс құралдармен толықтыру	үнемі	шаруашылық меңгерушісі
11	Топтарға, ғимаратқа қажетті стендтерді жасау	үнемі	шаруашылық меңгерушісі
03. Дәрігерлік бақылау мен балалардың тамақтануын ұйымдастыру			
1	Диспансерлік есепте тұратын әлсіз балаларға қадағалауды күшейту.	жыл бойы	медбике

2	10 күндік перспективалық ас мәзірін құру.	X	медбике
3	Негізгі тағамдарды (сүт, ет, нан) алу үшін келісім шартқа отыру.	I	шаруашылық меңгерушісі
4	Тамақтың құнарлығын есепке алу.	10 күнде 1 рет	медбике
5	Тағамдардың, көкөніс, жемістердің сапалығына көңіл бөлу.	күн сайын	медбике
6	СЭС –тің анықтамасымен, сертификатының болуын қадағалау.	күн сайын	шаруашылық меңгерушісі
7	Тамақтандыру мәселесі бойынша бас аспазшының, қоймашы мен емдәмбикенің есебін тыңдау.	тоқсанда 1 рет	бас аспазшы, қоймашы мен емдәмбике
8	Кеңес өткізу: а) тамақтан улану ә) дизенфекция тәртібін сақтау б) балаларды жарақаттанудан сақтандыру жолдары в) тымаудың алдын алу д) мәдени гигиеналық машықтарын қалыптастыру	жыл бойы XI XI XII I IY	медбике медбике медбике медбике медбике